**Павлодар облысы Шарбақты ауданының Северное селолық округінің Северное селосын Сынтас селосы деп, Северное селолық округін Сынтас селолық округі деп қайта атау туралы**

Бірлескен Павлодар облыстық әкімдігінің және Павлодар облыстық мәслихатының 2011 жылғы 31 қаңтардағы N 343/31 қаулысы мен шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 25 ақпанда N 3183 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11 бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы " Казақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы" N 281 қаулысына, Шарбақты ауданы мәслихаты мен әкімдігінің 2009 жылғы 26 маусымдағы N 79/16 бірлескен шешіміне, облыстық ономастика комиссиясының 2007 жылғы 12 наурыздағы қорытындысына және облыс әкімдігінің 2010 жылғы 28 желтоқсандағы " Павлодар облысының кейбір елді мекендерін қайта атау туралы" N 304/19 қаулысына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Шарбақты ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына келесі өзгерістер енгізілсін:

Шарбақты ауданының Северное селолық округінің Северное селосы Сынтас селосы деп, Северное селолық округі Сынтас селолық округі деп қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы* *Р. Гафуров*

*Облыс әкімі* *Б. Сағынтаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК